



14 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !!!



Ұлттық қауымдастық "Primary Health Care". Алғашқы Медициналық Әлеуметтік Көмекті дамытып халық денсаулығына ерекше құнды үлес қосқаны үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры

Ж.Н. Сарыбекова "Ардақ" орденімен марапатталды



Облыстық денсаулық сақтау саласына қосқан қомақты үлесі және 12 мамыр - Халықаралық мейіргер күніне орай Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушысы С.Г.Бибосынова Жамбыл облысының Құрмет Грамотасымен, А.К.Коконбаева Алғыс хатпен марапатталды.



Басқару, қауіпсіздік және арнайы бағдарламалар академиясы. Лауазымдық міндеттерін жоғары жауапкершілікпен орындағаны және білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық жұмыстарды ұйымдастырғаны үшін колледж оқытушысы Р.Б.Усенов Алғыс хатпен марапатталды.



Жамбыл облысы мейіргерлер ісі мамандарының кәсіби бірлестігі. 12 Мамыр - Халықаралық мейіргерлер күні мерекесіне орай кәсіби білітігі үшін колледж мейіргері Н.Д.Сейдалиева Алғыс хатпен марапатталды



«Томск медициналық колледжі» облыстық мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі. Сібір федералды округінің медициналық бейіндегі кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Твоя жизнь – твой выбор!» атты VI аймақаралық санитарлық-ағарту жұмыстары байқауына колледждің 306М-9/19 топ студенті Ф.Н.Амантаева жүлделі I орынға ие болып, Дипломмен Сертификатқа ие болды. Жетекшілері: Б.А.Қырықбаева, А.С.Атамбаева.

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушысы С.Г.Бибосынова Жамбыл облысының Құрмет Грамотасымен, А.К.Коконбаева Алғыс хатпен марапатталды.



М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті "Ұстаз" институты "Білім берудегі математика" кафедрасы оқушылар арасында ұйымдастырған "Қызықты математика: математикалық ойындар мен математика тарихы" тақырыбында ғылыми жұмыстар байқауына колледждің 126ЛФ-9/21 топ студенті К.Ширматова жүлделі II орын Дипломымен, жетекшісі Д.Н.Токсанбаева Алғыс хатпен марапатталды.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС ұйымдастырған "Емдеу ісі" мамандығы бойынша "Шұғыл көмек" Халықаралық студенттер олимпиадасына колледждің 412 топ студенті Вердиева Ругая қатысып, Сертификатқа, жетекшілері Р.У.Джантасова мен А.М.Жақай Алғыс хатқа ие болды.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. "Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі" ЖШС ұйымдастырған "Емдеу ісі" мамандығы бойынша "Шұғыл көмек" Халықаралық студенттер олимпиадасына колледждің 412 топ студенті Вердиева Ругая қатысып, Сертификатқа, жетекшілері Р.У.Джантасова мен А.М.Жақай Алғыс хатқа ие болды.



Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. "Химия және химия технология" кафедрасының "Химик" студенттік ғылыми үйірмесі ұйымдастырып отырған "Химия және XXI ғасырдағы химиялық білім" тақырыбында шағын конференциясына колледждің 105М-9/21 топ студенті А.Кенжебек жүлделі III орын Дипломымен, 125ЛФ-9/21 топ студенті Г.В.Нурбаева белсене қатысқаны үшін Сертификатпен, жетекшісі А.Б.Султанаева Алғыс хатпен марапатталды.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | "ТАЗА СЕССИЯ" ІШКІ ТАЛДАУ

Тәртіптік және әдеп комиссиясы отырысында комиссия мүшелерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

2 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

«Озат тәжірибе - ортақ іс» тақырыбында кезекті әдістемелік мектеп отырысы.

3 | АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушылары Ж.С.Байменова, Б.М.Маршова, С.Н.Серік, Қ.С.Шаймерден ашық сабақ өткізді.

4 | "WORLD SKILLS JAMBULL-2022" ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРС

Колледж базасында «WorldSkills Jambull-2022» облыстық кәсіби шеберлік чемпионаты өтті.

5 | САЙЫС

I курс арасында "Медицина әлемі" атты сайыс. "Ата-дәстүр 2022" интеллектуалды сайыс.

6 | ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«Сыбайлас жемқорлықпен күрес - баянды болашақтың кепілі» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

7 | АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

"Болашақ" арнайы мектеп оқушылары келіп колледждің тыныс тіршілігімен танысты.

8 | ИГІ ІС-ШАРА

Рамазан айында ауыз ашар уақытында құрма мен су таратты және қарттар үйіне көмек берді.

9 | КЕЗДЕСУ

«Көрікті ойдан – көркем сөз» тақырыбында студенттермен «Coworking» орталығында кездесу.

10 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ

"Қазақстан Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты" "Алаш Орда және Алаш Орда қозғалысы" тақырыбындағы тәрбие сағаты.

11 | БАЙҚАУ

«7 сәуір-Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні» аясында студенттер арасында спорттық биден дәстүрлі жарыс өтті. «Дәуірдің жарық жұлдызы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты облыстық колледжаралық байқау.

12 | ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Ұлы Отан соғысының ардагері В.В.Колесниченконы Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтау.

13 | "БЕРЕКЕ БАСЫ-БІРЛІК" КӨҒАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ

«Береке басы – бірлік» тақырыбында көгалдандыру және абақтандыру жұмыстары жүргізілді.

14 | ҚҰТТЫҚТАУ

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.



Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



1 | "ТАЗА СЕССИЯ" ІШКІ ТАЛДАУ



03.04.2022ж. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 10.02.2022ж. №03-320 хатына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде

«Таза сессия» аясында оқу үдерісін жетілдіру, колледждегі емтихан сессиясының ұйымдастырылуы туралы студенттердің пікірлерін білу мақсатында 15-21 қаңтар аралығында жүргізілген онлайн сауалнаманың нәтижесі бойынша тәртіптік және әдеп комиссиясы отырысында комиссия мүшелерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

2 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ



11.04.2022 ж. Колледждің әдістеме кабинетінің ұйымдастыруымен жас мамандардың «Озат тәжірибе - ортақ іс» тақырыбында кезекті әдістемелік мектеп отырысы өтті. Жас мамандар мектебінің отырысы жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында өткізілді. Күн тәртібінде:


1.1.«Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану – сапалы білім негізі».

Жауапты оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мейрманова Л.К., әдіскер Коконбаева А.К.;

1.2. «Мейіргер ісі негіздері пәнін оқытудағы тиімді әдіс –тәсілдері» Практикум . Жауапты "Мейіргер ісі негіздері" пәнінің оқытушысы Тоқташева Ж.А.;

1.3. "Анатомия пәнінен жаңа технологияларды қолдану арқылы «Smart anatomia» әдістерімен таныстыру". Жауапты "Анатомия және физиология" пәнінің оқытушысы Септесін Г.К.;

1.4. Психологиялық тренинг. Жауапты колледж психологы Божбанбаева А.М.



3 | АШЫҚ САБАҚ



04.04.2022ж. №2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Ж.С. Байменова «Фармация» мамандығы, 228 тобымен, "Маркетинг және менеджмент негіздерімен фармацияны ұйымдастыру және экономикасы" пәнінен "Дәріханалық жағдайда дәрілік нысандарды өндіру тәртіптері. Дәріханалық жағдайда дәрілік нысандар өндірісінің ұйымдастырылуы" тақырыбында ашық сабақ өтті.

07.04.2022ж. №3 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Б.М.Маршова «Мейіргер ісі» мамандығы, 202М9-/20 тобымен, «Қарапайым физиотерапиялық емшараларды қолдану» тақырыбында ашық сабақ өтті.

14.04.2022ж. №1 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы С.Н.Серік «Терапиядағы Мейірбике ісі» пәнінен, 217 ЛФ-9/20 тобымен, "Гломерулонефрит бүйрек жеткіліксіздігі. Мейіргерлік процесті ұйымдастыру" тақырыбында ашық сабақ өтті.



19.04.2022ж. №1 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Қ.С. Шаймерден «Анатомия және физиология» пәнінен, 217 ЛФ-9/20 тобымен, «Анатомия и физиология пищеварительной системы» тақырыбында ашық сабақ өтті.



11 | БАЙҚАУ



07.04.2022 ж. Колледжде «Денсаулық фестивалі» Ұлттық бағдарламасы аясында, «Сау бол – Жүз жаса!» ұранымен және «7 сәуір – Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күні» аясында I курс студенттері арасында Спорттық биден дәстүрлі жарыс өтті. Жарысқа колледждің I курс студенттері қатысты. Жарыстың қорытындысы бойынша: «Бас жүлде» иегері – 110 топ, «Емдеу ісі» мамандығы студенттері. I орын – 109 топ, «Емдеу ісі» мамандығы студенттері. II орын - 111 топ, «Емдеу ісі» мамандығы және 112 топ, «Мейіргер ісі» мамандығы студенттері. III орын – 104 топ, «Мейіргер ісі» мамандығы, 105 топ, «Мейіргер ісі» мамандығы және 123 топ, «Емдеу ісі» мамандығы студенттері – иеленді. Сонымен қатар, 108 топ «Мейіргер ісі» - «Креативті топ», 117 топ «Емдеу ісі» - «Үздік киім үлгісі» және 119 топ «Емдеу ісі» - «Үздік таныстыру» номинацияларының жеңімпаздары атанды. Марапатқа ие болған студенттерге колледжіміздің студенттер кәсіподақ ұйымы ұсынған ауыспалы кубок, дипломдар мен сыйлықтар тапсырылды.

20.04.2022 ж. Колледже А х м е т Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай Ұлы ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлының өшпес өнегесін, сарқылмас мұрасын кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында «Дәуірдің жарық жұлдызы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты облыстық колледжаралық байқау өткізілді. Байқауға облыс бойынша 8 колледж қатысты.



1. «Алаш ұландары» тобы Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжі;

2. «Жалындаған жас ұстаз» Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі;

3. «Замандастар» Қазіргі заман гуманитарлық – техникалық колледжі;

4. «Ғалым» №9 Меркі колледжі;

5. «Жас алаш» Жамбыл политехникалық жоғары колледжі;

6. «Алаш жастары» Құлан агротехникалық жоғары колледжі;

7. «Шамшырақ» 17 колледжі;

8. «Ғылым» Білім колледжі. Байқау қорытындысы бойынша: Бас жүлде Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі «Жалындаған жас ұстаз» тобы. I дәрежелі диплом: Жамбыл политехникалық жоғары колледжі «Жас алаш» тобы.

II дәрежелі диплом: Құлан агротехникалық жоғары колледжі «Алаш жастары» тобы. III дәрежелі диплом: Білім колледжі «Ғылым» тобы.

Қалған топтар алғыс хаттармен, сыйлықтармен марапатталды.

12 | ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ АРДАҒЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



03.05.2022ж. Болашақ ұрпаққа бейбіт күн сыйлаған, есімдері ел есінде мәңгі сақталған, ерліктері аңыз болып айтылатын Ұлы Отан соғысының ардагер тұлғасы В.В.Колесниченко Ұлы Жеңістің 77 жылдық мерекесімен колледждің оқытушысы Таңат Г.Б. және 103 М-9/21 топ студенттері құттықтап қайтты. Ардагерлеріміздің еңбектері, ерліктері ұрпақтан - ұрпаққа қалған сарқылмас мұра. Сол мұраны қадірлеп, қастерлеп, кейінгі өскелең ұрпаққа жеткізу бізге тапсырылған үлкен аманат.

05.05.2022ж. Колледжде Ұлы Отан соғыс күніне арналған «Ұлы - Жеңіс жасасын!» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: жастарды адамгершілікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие беру, достық пейілге баулу; студенттерді туған жерге деген сүйіспеншілікке, Отан тыныштығын қорғауға, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу. Ұйымдастырушы: колледж оқытушысы Таңат Г.Б. және 103 М-9/21 топ студенттері.



29.04.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Береке басы –бірлік» тақырыбында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: студенттерге табиғат анамызды аялау, қоршаған ортаны таза, әрі көркем ұстау керектігін түсіндіре отырып жұмыс жүргізу. Колледж маңайында жалпы сенбілік жұмысын ұйымдастырып, арықтарды тазалап, талдар отырғызып, гулдер егіп, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Сенбілікке жалпы 160 студент қатысты. Жауапты №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК мүшелері Бақыт Е.С., Бекмурзаева Д.Т.

13 | "БЕРЕКЕ БАСЫ - БІРЛІК" КӨҒАЛДАНДЫРУ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ



29.04.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Береке басы –бірлік» тақырыбында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: студенттерге табиғат анамызды аялау, қоршаған ортаны таза, әрі көркем ұстау керектігін түсіндіре отырып жұмыс жүргізу. Колледж маңайында жалпы сенбілік жұмысын ұйымдастырып, арықтарды тазалап, талдар отырғызып, гулдер егіп, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Сенбілікке жалпы 160 студент қатысты. Жауапты №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК мүшелері Бақыт Е.С., Бекмурзаева Д.Т.